

Р. Алпысбаев

## ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ АҚШ ЖӘНЕ ИРАК АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабынан Еуразия аймағы орасан зор адам мен материалдық шығынға ұшырады, дәл осы кезде Америка Құрама Штаттарының ықпалы халықаралық деңгейде күшейді. Батыс Еуропа елдері саясат жөнінен АҚШ-на тәуелді болды да қалды, ал олардың бұрынғы отарлап алған елдерінің жерлері АҚШ монополияларының қызмет алаңына айналды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлемдік сахнада Вашингтонның жаңа дәрежесі Америка элитасының көңілінен толық шығып отырды. 1945 жылы АҚШ-ң әлемнің маңызды бөлігін бақылап-басқаруды өз қолына алу қажет деген идеясын елдің мемлекеттік аппараты, іскер топтары, реформистік кәсіподақ басшылары, академиялық элитасы мен баспасөзі қолдап ала жөнелді.

Соғыстан кейінгі заманда американдықтардың мүддесін анықтайтын бағдарламалы құжат болып 1947 жылы 21 сәуірде Құрама Штаттардың әскери және әскери-теңіз басқармалары, мемлекеттік департаментінің өкілдерінен тұратын АҚШ-ң Координациялық комитетінің дайындаған жабық баяндамасы болып табылады. Баяндамада, атап айтқанда: „Бізге бізбен достық қарым-қатынастағылардың қолында металл, мұнай қазба байлықтары және басқа да ресурстары бар аймақтардың, және өздігінен стратегиялық құндылыққа ие болған аймақтардың, маңызды өндірістік қуаттылығы бар, маңызды адам ресурстары мен ұйымдасқан қарулы күштер, сондай-ақ саяси және психологиялық себептерге байланысты АҚШ-на әлемдік тұрақтылық пен қауіпсіздікке әсер етуіне мүмкіндік беретін аймақтар болғаны маңызды”, - деп атап көрсетілген /1, 30/.

Әлемдегі мұнай қорының 2/3 бөлігін иемденіп отырған Парсы шығанағы бассейніндегі мемлекеттер екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Вашингтонның қырағы көзіне шалынды. 1944 жылы Таяу және Орта Шығыстағы өндірілген мұнайдың

40% американдық корпорацияларын бақылауында болды, ал 1955 жылы таяушығыстық аймақтың мұнайының 50% американдық компаниялары өндірді де, Еуропа мұнай импортының 90% көбінен қамтамасыз етті. Бірақ АҚШ Парсы шығанағының көмірсутектекті ресурстарын толық бақылауға алғысы келді.

XX ғасырдың ортасында Таяу және Орта Шығыста американдық әскери-саяси және экономикалық үстемдіктің орнауына негізгі сүйеніш Иран, Сауд Арабиясы мен Израиль болды. Вашингтонның жоспары бойынша Таяу Шығыста, атап айтқанда, Иранға Таяу Шығыстағы тұрақтылық туралы американдық түсініктің аумағына сыймайтын жағдайлар туындап жатқан жағдайда, бұл аймақтың ішкі істеріне араласу үшін „полицейлік қызметтер” бөлінді.

Соғыстан кейінгі кезеңде Ақ үй әлем мұнай қорының 10% иемденген және маңызды стратегиялық жағдайы бар Иракқа бақылау орнатуға көп көңіл бөлді. АҚШ Бағдадқа орнатылған ағылшын саяси және экономикалық үстемдігінің жойылуына және оны американдық әсер етуге ауыстыруға үлкен қызығушылықтары барын көрсетті /2, 142/.

1945 жылдан кейінгі Американдық-Ирак қатынастарының даму тарихын шартты түрде 4 кезеңге бөлуге болады: 1) 1945-1958 жылдар. АҚШ-ң Таяу және Орта Шығыстағы әскери-стратегиялық жүйеге Иракты тарту кезеңі; 2) 1958-1967 жылдар. 1958 жылғы Ирактағы төңкерістен кейінгі, Иракта американдық әскери-стратегиялық бағытының қалпына келуіне күрес кезеңі; 3) 1967-1980 жылдар. Ирак пен АҚШ-ң дипломатиялық (елшілік) қатынастарының тоқталуына байланысты саяси егестер кезеңі. 4) 1980-1991 жылдар. АҚШ пен Ирак арасындағы стратегиялық әріптестік орнату кезеңі.

Бағдад басшылығының АҚШ-пен тығыз қарым-қатынас орнатуға тырысуы, оның Иракқа британ ықпалын теңестіру мақсатында, бұл елде американдық

бағыттың бекуіне көмектесті. 1954 жылы 25 сәуірде Бағдад пен Вашингтон екі елдің арасында Иракқа америақндық әскери қару-жарақпен қамтамасыз етулерді қарастыра алатын әскери миссиясының құрылуы, Құрама Штаттарда Ирак әскери мамандарын даярлау мен Ирак армиясын американдық кеңесшілердің тексеруі туралы келісім шартқа қол қойды /3, 97/.

1955 жылы Вашингтонның қолдауымен Орта Шығыста Бағдад пактісі құрылды, оған АҚШ, Пәкістан, Иран, Түркия, Ирак және Ұлыбритания одақтас болып кірді. Бағдад пактісі 2 мақсат көздеді: 1. Оңтүстік Азия мен Таяу және Орта Шығыста ұлттық-азат ету қозғалысының өсуіне қарсы тұрды; 2. NATO (North Atlantic Treaty Organization - Солтүстік атлантикалық альянс), SEATO (South-East Asia Treaty Organization – Оңтүстік-шығыс азия әскери-саяси одағы (1954-1977 жж.): АҚШ, Англия, Франция, Австралия, Жаңа Зеландия, Таиланд, Филиппин және Пәкістан. Және ANZUS (Australia, New Zealand, United States) 1951 ж. құрылған әскери-саяси одақ секілді КССРО-ны, Қытайды, Шығыс Еуропаны, Батыс Корея мен Батыс Вьетнамды қоршап тұратын тағы бір әскери одақ құру /6, 125/.

1954-1958 жылдардағы американо-ирак әскери ынтымақтастығының сараптамасына жүгінсек, Құрама Штаттардың стратегиялық жоспарында Таяу және Орта Шығыста Ирактың маңыздылығы өскен. Егер 1954-1957 жылдары Бағдадқа Вашингтоннан 12 млн. доллар тұратын қару-жарақтар мен 11-ақ американдық әскери кеңесшілер жіберілсе, 1958 ж. бұл елге американо-әскери қойылымдарының көлемі 40 млн. долларға, ал Ирактағы американо әскери миссиясы 85 адамға өсті. Вашингтонның Бағдадпен әскери ынтымақтастығының қарқындыауы американо басқарушы топтарының Иракты КССРО-ға қарсы қолданғысы келген қысымға Иракты әлуетті әскери-стратегиялық плацдарм ретінде пайдаланғысы келген қызығушылығынан туған еді. 1957 жылдың соңынан бастап Пентагон Ирак аймағында ракета базасының құрылысын салу мәселесін қарастыра бастады.

Осы мақсатпен 1958 жылы қаңтарға Иракқа генерал Тейлор бастаған американдық әскери миссия келді, содан кейін Сулеймания мен Дивания солтүстік Ирак аудандарында ракета базаларын салу үшін дайындық жұмыстары жүргізіле бастады.

1958 жылғы 14 шілдедегі Ирактағы қарар бұл елдегі американо әскери-стратегиялық жоспарларының жүзеге асырмады. Бұның өзі антиимпериалистік және буржуазия-демократиялық қасиетте болды. АҚШ Ирак төңкерісін „Куба төңкерісіне қарағанда, америақдық өмірлік қызығушылыққа қауіптірек” деп бағалады. АҚШ президенті Д.Эйзенхауер оны „Корей соғысы кезеңінен кейінгі Азиядағы ең ауыр дағдарыс” деп атады. Ирак төңкерісінен кейін „Нью Йорк Таймс” атты американо газеті бір апта бойы алғашқы 10 парағында тек Ирак туралы жазды /4/.

Вашингтон осы жағдайдан соң Таяу және Орта Шығыстың басқа мемлекеттерінің де Ирак төңкерісінің әсерімен саяси жағдайдың гипотетикалық болашағының тұрақсыздануына қатты алаңдаушылық білдірді. Сондықтан Батысқа тәуелді Таяу Шығыстағы Ливан және Иордан режимдерінің құлаудан сақтап қалу үшін 1958 жылы 15 шілдеде 14 мың американо теңіз жаяу әскери Ливандағы „тәртіпті қалпына келтіру үшін” жағаға түсті, ал 1958 жылы 16 шілдеде 6,6 мың британ әскерилері тура сол мақсатпен Иорданияға келді.

Бұдан басқа, АҚШ президенті Д.Эйзенхауэр, американо қорғаныс министрлігі және Құрама Штаттардың мемлекеттік хатшысы Дж.Ф.Даллес Вашингтонның Иракты басып алуын жоспарлады, Ирак төңкерісін басып-жаншуы Бағдадта қуыршақ өкімет орнатуды көздеді. 1958 жылы Иракқа қатысты Вашингтонның жоспарына 3 фактор кедергі болды: Ирак төңкерісінің жалпыхалықтық мінез-құлқы, Біріккен Араб республикасының, егер олар Иракты басып алғысы келген жағдайды, олардың әскери күштері империалистерге қарсы күресетіндігі жайлы мәлімдемесі; Ирак төңкерісін Қытай мен КССРО-ның қолдауы /3. 109/.

1959 жылғы 24 наурызда Ирак ресми түрде Бағдад пактісінен шықты. 1955 жылы 4 сәуірде қабылдаған тең құқықсыз

ағылшын-ирак келісімі өз қызметін 1959 жылы 30 мамырда аяқтады. Осы күні Бағдад, 1954-1955 жылдары АҚШ-н Ирак арасында жасалынған 3 келісімді жарамсыз деп таныды: „Әскери көмек туралы”, Ирактың „Эйзенхауэр доктринасы” негізінде жасалынған американдық қару-жарақтар мен экономикалық „көмекті” пайдалану /4/.

Құрама Штаттары, Иракқа қарсы тікелей әскери агрессиядан бас тартты да, 1950 жылдың аяғынан бастап Бағдадқа жасалған американдық экономикалық ықпалын жоюға мүмкіндік бермеуге тырысты. Осы мақсатпен Вашингтон Ирак басшылығына тікелей саяси қысым жасаумен бірге, қарсыластарының қолдау көрсетуімен Бағдадтың режимді әлсірету үшін жанама әсер ету амалдарын да пайдаланды. Нәтижесінде Ирак президенті А.Касем американдық президенті Д.Эйзенхауэрге Иракта американдық қызығушылығы есепке алынды деп, оның сенімін арттыра жолдау жіберді.

Вашингтон Ирак күрдтерінің ұлттық бостандық алу жолындағы қозғалыстарына қолдау көрсету мақсатында Иранға көмектесу арқылы, Иракқа жанама қысым жасағандарына зор маңыз берді. 1950 жылдардың соңында Вашингтон Бағдад өкіметіне қарсы Ирак күрдтерінің күресін қолдап отырған Азиядағы өзінің басты одақтасы Иранға әскери-саяси қолдауды белсене көрсете бастады. Иракқа қатысты Ақ үйдің экспансионистік мақсатының заңды деп танылуына Таяу Шығыс елдерінің деғдарларының арасында АҚШ-ң тартып жүрген қалыпты „кеңестер тұрғысынан әскери қауіп-қатер аңызы” жақсы қызмет атқарды.

1959 жылдың сәуір айында ОББ (ЦРУ) директоры А.Даллес американдық конгресінде сөйлеген сөзінде Ирак коммунистерінің Ирактағы өкімет билігін түпкілікті басып алуға жақын қалғанын және елдегі „әлемдегі осы таңдағы – ең қауіпті жағдай” екендігін баяндап өтті. 1960 жылы Ирак көшбасшысы А.Касем Иракты экономикалық саладағы отарлану мирастығынан құтқару үшін күрестің жаңа кезеңін бастады /5/.

Ирак ОПЕС (Мұнай экспорттаушы елдер одағы 1960 ж. құрылды, құрамына: Иран, Ирак, Кувейт, Саудовская Аравия, Венесуэла, ал 1960-75 жж. тағы Катар, Индонезия, Ливия, БАӘ, Алжир, Нигерия, Эквадор және Габон кірді) құруға белсенді көмек көрсетті, ал 1962 жылы президент А.Касем Ирак мұнай көздерін пайдалану үшін мемлекеттік мұнай компанияларын құру туралы жарлық шығарды, ал ол болашақта Ирак мұнай қорларын батыс компаниялардың (соның ішінде американдықтардың да) бақылауда ұстау мүмкіндігінен айыру қауіпіне ұрындырды.

Құрама Штаттары Бағдадтың өз энергетикасын жасау бастамасына дереу және қатаң көңіл аударды. 1962 жылы ақпан айында Ирак басшысы А.Касем француз газеті „Ле Мондеге” берген сұхбатында Вашингтоннан Ирактың ішкі және сыртқы экономикалық бағытына қатысты үзілді-кесілді талап қойылған жолдау алғандығы туралы мәлімдеді.

АҚШ Ирак басшыларын Иракқа қарсы Вашингтонның санкцияларын қолдану қауіпін тудыру арқылы экономикалық бағытты ауыстыруға шақырады. Баспасөзде бұл мәлімдеме жарық көргеннен кейін генерал А.Касемді мемлекеттік төңкеріс кезінде 1954 ж. құрылған БАСС (Араб әлеуметтік өркендеу) ирак партиясының офицерлері атып өлтірді /6, 112/.

1963 жылы А.С.Ареф басқарған Ирактың жаңа басшылығы американдық-ирак қатынастарын түзетуге кірісті. Бағдад Батыс елдерімен, атап айтқанда АҚШ-мен экономикалық және сауда байланысын қалпына келтіруге әрекет жасай бастады. Сәлден соң американдық департаменті баспасөзге жаңа ирак режимінің халықаралық келісімдерді құрмет тұтатындығына және басты жекеменшік иесі АҚШ болған ірі Ирак мұнай компаниясын ұлттық меншікке айналдыруға қызығушылығы жоқ екендігіне қанағаттандықтары туралы ақпарат берді.

1963 жылғы тамызда Иракта „Әлем үшін азық-түлік” атты американдық бағдарламасы жүзеге аса бастады, 1965 жылы АҚШ-ң экспорттық-импорттық банкі Иракқа қарыз берді, ал 1966 жылы Вашингтон мен Бағдад ауылшаруашылық са-

ласындағы ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойды. 1967 жылы АҚШ-на жұмыс сапарымен Ирак премьер-министрі Абд Аль-Рахман Аль-Баззар барып қайтты /7, 68/.

Бірақ Американың қолдауына сүйенген Израильдің 1967 жылғы маусымдағы араб елдеріне қарсы басқыншылығы американо-ирак байланысының оң тенденцияларын үзді. 1967 жылы маусым айында Израильге американдық қолдау көрсетуге қарсылық ретінде, Вашингтонмен елшілік қарым-қатынасты үзді, АҚШ-на мұнай жөнелтуді тоқтатып қойды, өз елінде американо-ирак өніміне бойкот жариялады және американо-ирак авиациясына Ирак әуе кеңістігін пайдалануға тыйым салды.

Сөйтіп, АҚШ өзінің таяушығыстық стратегиясында басты ұтысты Ирак, Сауд Аравиясы мен Израильге тіккендіктен, 1958 жылғы төңкерістен кейін жаңа Бағдадтың режимді Таяу және Орта Шығыстағы американо-ирак саясатының ағына жатқыза алмады. Оның үстіне, американо-ирак дипломатиясы Ирак саясатында толық күйреуге ұшырады, ал оның нәтижесі 1967 жылғы Бағдадпен дипломатиялық қатынастың үзілуі болып табылады.

1968 жылы Иракта кезекті мемлекеттік төңкеріс болды, соның нәтижесінде елдің басшылығына БААС партиясы келді. Бірақ жаңа Ирак әкімшілігі американо-ирак қатынастарының жақсаруына қызығушылық танытқан жоқ. БААС партиясы ұлы державалармен өз қатынасын „поляризация орталығы” концепциясының негізінде құруға тырысты? Олардың ең бастылары КСРО мен АҚШ - әрқайсысы қалған әлемді өз политикалық мүдделерінің аумағына тартып алуға тырысты. Сондықтан баасистік Ирак екі жақтың бірінің ымырасыз қоршауына түсіп қалмауға тырысты және дамушы елдерде ұлы державалардың ықпал жасау аймағының ұлғаюына қарсы тұрмақ болды. Нәтижесінде Вашингтонның Израильдің экспансионистік мақсатына қолдау жасауына пайда болған американо-ирак қатынастарының одан әрі ұшығуы байқалды. Оның үстіне Израильге қарсы саяси күрес ирак басшылығының Таяу және Орта Шығыстағы сыртқы саяси

стратегиясының өзегі болып табылады /10, 41/.

1967 жылдан бастап көп жылдар бойына Вашингтон Иракпен дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіруге бірнеше әрекеттер жасады, бірақ Бағдадтың қарсылығына тап болып отырды. Ирактың сыртқы саяси тұжырымдамасы АҚШ-мен ымыраға келтірмеді.

Бағдадтың антиимпериалистік бағыты Вашингтонның шамына тиді, Ақ үй Сауд Аравиясы мен Иранды Иракқа қысым көрсету үшін пайдаланды, себебі осы арқылы Ирактың АҚШ-на қатысты сыртқы саяси бағытын біршама қарқынды жүргізуге итермелемекші болды, бірақ бұдан нәтиже шыққан жоқ. Енді Вашингтон „Ирактың көкесін таныту керек” деп, баасистік режимді әлсірету мақсатында күрд қозғалысын қару қылып алуға күш сала бастады. 1979 жылы Каир мен Тель-Авив арасында Вашингтонның делдалдығымен Кэмп-Дэвид келісімне қол қойылғаннан кейін Ирак Израильге қарсы күресте арабтардың мүддесіне сатқындық жасағаны үшін деген айыппен Епиетті жазалау және оқшаулауға арналған араб елдерінің саяси компаниясын басқарды.

Сондай да Вашингтон мен Бағдад арасында саяси байланыс үзілген жоқ. Ирактағы американо-ирак мүддесін Бағдадтағы бельгиялық елшілік көрсетіп отырса, ал АҚШ-ғы Ирак мүддесін Вашингтондағы Үндістанның елшілігі арқылы жүзеге асырды /9/.

1970 жылдары американо-ирак саяси истемблиментінің арасында араб елдерінің кейбірінде тіпті оларда төңкерістік фразеологизмдер сақталып отырса да, саяси режимдерді „дерадикализациялау” мүмкіндігін жіберуге болады деген тұжырымдама кең тарап кетті. АҚШ бұл режимдермен байланыс торабын сақтай отырып, қолдағы бар құралдарды пайдалана отырып, оларға ықпал жасауды тоқтатпауы керек болды.

Осыдан барып Вашингтонның Таяу Шығыста АҚШ-на саяси сүйенішті тек проамерикано-ирак режимдер арасынан ғана емес, радикалдық ұрандар тастай отырып және сол мезетте Құрама Штаттармен саяси компромиске, тіпті солармен экономикалық байланысты дамытуға дайын басқа

да режимдер арасынан іздеу бағыты пайда болды /3, 135/.

АҚШ Ирак саясатында өз мақсаттарына жету үшін Бағдадпен сауда-экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланысты қарқындатуға ұмтылды, себебі Бағдадтың 1972 жылы Ирак мұнай өндірісін ұлттық қорға айналдырғаннан кейін олардың экономикалық бағыты қатты бекілген болатын. 1973 жылдан бастап Бағдад американдық өнімдерінің кең ауқымды номенклатурасының импортына тыйымды алып тастағаннан кейін американдық сауда-экономикалық қатынастары жақсара бастады. Басқа жағынан, 1973 жылдан кейін мұнайдың әлемдік құны көтерілгеннен кейін, Батыс елдері мен АҚШ, атап айтқанда, Ирак көмірсутекті шикізатын өткізуге таптырмайтын рынок болды. Нәтижесінде тек қана 1973-1974 жылдары АҚШ-ң Иракқа импорты 56 млн.доллардан 284 млн.долларға, ал 1980 жылы 700 млн. жуық долларға дейін өсті. Вашингтон мен Бағдад арасында дипломатиялық байланыс жоқ кезеңде американдық компаниялары Ирак нарығына өздерінің еуропалық филиалдары арқылы немесе үшінші елдердің филиалдары арқылы өтуге ұмтылды /8, 123/.

Иракқа жіберілетін американдық экспортының құрамында байланыс құрал-жабдықтары, ұшақтар және бүтін мұнайхимиялық зауыттар қамтамасыз ететін жабдықтар кіргізілген. Ирак мұнайының Құрама Штаттарына экспорты да біршама өсті. 1976 жылы Вашингтон 123 млн.долларға ирак мұнайын сатып алса, ал 1979 жылы ол 671 млн.долларға дейін көтерілген. Бельгия елшілігіндегі АҚШ-ң мүддесін жүзеге асыру бөлімі мен ирак мүддесін жүзеге асыру бөлімі, Бағдадпен Вашингтонда орналасқан, американдық ирак экономикалық қатынастарының қарқындау шамасына қарай кеңейе бастады. Бір мезгілде Вашингтон Құрама Штаттарында білім алғысы келген Ирак азаматтарына виза беруді ұлғайтты (1977-1980 жылдарда ғана 3 есе).

Сондықтан, 1978-1979 жылдардағы Иран төңкерісіне дейін АҚШ-ң таяушығыстың саясатында басты рөлі Иран, Сауд Аравиясы мен Израильге берілген

еді. Таяу және Орта Шығыста американдық стратегиялық және экономикалық мүддесінің гаранты болып нақ осы елдер саналды, ал Иракқа АҚШ-ң таяушығыстық саясатында бөлінген рөлі жанама ғана болды. 1967-1980 жылдары АҚШ-ң ирак саясатының басты мақсаты Иракпен дипломатиялық қатынастарды жаңарту және осы елдегі американдық монополияларының экономикалық орнын қалпына келтіру болды.

Осымен бірге Вашингтон 1970 жылдары араб елдерімен қатынастары туралы жаңа тұжырымдамамен қаруланғаннан кейін американдық ирак қатынастарының жақсаруы ұзаққа созылатыны байқалды. 1979 жылы Иранда ислам төңкерісінің жеңісінен кейін Парсы шығанағы бассейніндегі АҚШ-ң саяси бағытының негізгі қарсыласы Тегеран болды. Ақ үйді Таяу және Орта Шығыс елдеріне ислам төңкерісі идеясының тарау мүмкіндігі қатты алаңдатты, себебі ол бұл елдердің Құрама Штаттардың ықпалынан қайырылмастай болып шығып кету қаупін туғызған еді. Нәтижесінде АҚШ-ң Иран режиміне қарсы және Парсы шығанағы аймағындағы Вашингтонның геополитикалық орнын қалпына келтіру жолындағы күресі 1970 жылдардың соңынан бастап таяушығыс аймағындағы американдық сыртқы саясатының басты мақсаты болды.

Сөйтіп, Иракқа қатысты американдық саясатының себебінің негізінде оның Парсы шығанағы аймағындағы маңызды әскери-стратегиялық жағдайы мен орасан зор мұнай қорын иемденуі болып табылады. 1945-1958 жылдардағы АҚШ-ң ирак саясатының мақсаты, бәрінен бұрын Иракты әскери-саяси альянсқа Таяу және Орта Шығыстағы американдық жақтаушы режимді – Иранмен, Сауд Аравиясымен, Түркиямен және Пакистанмен қосуды анықтау, ал содан кейін бұл елдегі Құрама Штаттарының мұнай концерндерінің экономикалық мүдделерін анықтау болып табылады.

Ирак төңкерісінен кейін 1958 жылғы 14 шілдеден 1967 жылға дейін АҚШ-ң Иракқа қатысты сыртқы саяси стратегиясының басты міндеті Бағдадты таяу шығыстың әскери блокқа қайтару

(Бағдад пактісі) және бұл елдегі американ коммерциялық мүддесіне қысым жасауды болдырмау болды.

1967-1980 жылдары Вашингтон Иракпен арада үзілген елшілік қатынастарды қалпына келтіруге ғана тырысқан жоқ, 1968 жылғы баасистік төңкерістен кейін толық тәуелсіздігін алған және Таяу Шығыстағы американ мүддесіне қарсы шыққан Бағдадтың ішкі және сыртқы саяси бағытын түзетуді ойлады.

1979 жылы американ-ирак конфронтациясының басталуы мен тегеранның американ ықпалынан шығып кетуі – Таяу және Орта Шығыстағы АҚШ саясатында Ирактың маңызын арттырды. Вашингтон Иран мен Ирактың әскери қарама-қайшылықтарына ұтыс тікті, себебі оның басты мақсаты 1978-1979 жылдардағы Ирандағы ислам төңкерісінен кейін жоғалтып алған американ әскери-саяси және экономикалық басымдылықтарын қалпына келтіру болды.

\*\*\*

1. Уткин, А. И. Американская империя. - М.: Эксмо, 2003.
2. Rubin, V. The Arab States and the Palestine Conflict - N.Y.: Syracuse University Press, 1981.
3. Бжезинский, З. Великая шахматная доска, - М., «Международные отношения», 2006.
4. Becker, R. 1958-1963, Iraq: Revolution and the U.S. Response // Press for Conversion. - 2003. - May. - p. 20.

5. Blum, W. Kassem - the Reformer // History News Network. - 2002. 28 February.: <http://www.hnn.us/articles/1066.html>.

6. Бжезинский, З. Выбор: Мировое господство или мировое лидерство. - М., «Международные отношения», 2006.

7. Tripp, Charles. Sifahat min tarih al-Iraq. Arab Scientific Publishers.co, 2006.

(«Страницы из истории Ирака». Чарльз Трип. Изд-во Научные арабские издания 2006).

8. Haikal, Muhammad Husenein. Al-imberaturiya al-amrikiya. Arab Scientific Publishers.co, 2005. («Американская империя» Хайкаль Мухаммад Хусанейн. Изд-во Научные арабские издания 2005).

9. Buzzanco, R. How Did Iraq and the United States Become Enemies? // History News Network. - 2002. - 28 February.: <http://www.hnn.us/articles/1066.html>.

10. Parsi, Trita. Treacherous alliance. The secret dealings of the Israel, Iran and U.S. Arab Scientific Publishers.co, 2008.

\*\*\*

В статье прослеживаются геополитические изменения произошедшие на Ближнем Востоке после Второй мировой войны и приведшие к изменению статуса Ирака во внешней политике США в период с 1945-го по 1979 годы.

\*\*\*

This article traces the geopolitical changes have occurred in the Middle East after World War II and led to a change in the status of Iraq in U.S. foreign policy during the period from 1945 to 1979.

**Ж.Е. Ашинова**

## ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ И НОРМАТИВНО-ПРАВОВАЯ БАЗА ЯПОНО-КИТАЙСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Двусторонние отношения между Токио и Пекином привлекают особое внимание исследователей и аналитиков в связи с тем, что Япония и КНР являются глобальными игроками в Азиатско-Тихоокеанском регионе и от характера и динамики их взаимоотношений в немалой степени зависит стабильность не только данного региона, но и во всем мире. В данной статье анализируются этапы развития японо-китайских

отношений с момента образования КНР по сегодняшний день и уделяется особое внимание становлению нормативно-правовой базы двусторонних отношений.

Анализируя динамику развития двусторонних взаимоотношений в исследуемый период, ее можно условно разделить на три этапа, хронологические рамки которых определяются событиями как двусторонних отношений, так внешними факторами